

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 2 хаттамасы

Қазан 2021 жыл

Қатысқандар: 42

Күн тәртібінде

1. Педагог қызметіне кірмейтін жұмыстарға тарту мәселесі /кеңес мүшесі С.М.Нұрмағамбетова/
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары /кеңес мүшесі: Ә.Б.Жақсылықова
3. Педагогтардың теориялық әдістемелік шеберліктерін дамыту/ кеңес төрайымы М.Ж.Асанова/

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі, С.М.Нұрмағамбетова: Педагогты қызметтік және кәсіби міндеттеріне кірмейтін істерге; тауарлар мен қызметтерді сатып алуға мәжбүрлеу; мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтарын олар өздерінің кәсіби қызметтерін орындауы кезінде мемлекеттік емес ұйымдардың іс-шараларын өткізуге жұмылдыру орын алған жағдайда, 20-дан 40 АЕК-ке дейін салынатын әкімшілік айыппұл қарастырылғанын атап өту қажет.

Өз кезегінде барлық педагогтар "Педагогикалық этика ережелерін" білуі қажет. Педагогикалық этиканы бұзу тәртіптік ерсі әрекет болып табылады. Ол үшін педагог Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Одан бөлек, педагогтар арасында сағаттық жүктеменің әрқилы бөлінуін болдырмау мақсатында Алматы қаласының Білім департаменті педагогтар және басқа да тұлғалардан "Педагог мәртебесі туралы" заң талаптары мен педагогикалық этика ережесінің бұзылғандығы жөніндегі фактілер бойынша шағымдарды қабылдап, қарастырады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы М.Ж.Асанова:

Қазіргі замандағы ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан- жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықты шеше білу тек ұстаздың, мұғалімнің шеберлік қолынан келеді.

Мұғалімнің әдістемелік шеберлік бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттер мен қатар ерекше ой қызметі, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болу керек. Ал, жаңа технологияны меңгерудің қажетті шарттарының бірі- мұғалімнің кәсіптік білімін жетілдіру арқылы мектеп мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Сондықтан да бүгінгі мектеп мұғалімдерінің бойында шеберлік, шығармашылық қабілеттердің көрініс табуы, мектеп оқушыларының терең білім алуының бірден бір факторы екені даусыз. Мұғалім шеберлігінің төрт негізгі бөліктерін атауға болады: балалардың жеке және ұжымдық іс-әрекетін ұйымдастыру шеберлігі, өз ой-пікірін мақұлдату шеберлігі, білім беру және тәжірибе қалыптастыруды шеберлігі және педагогикалық техниканы меңгеру техникасы.

Ұстаздық шеберліктің негізі, біріншіден-мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық наным, екіншіден, пәнді жетік білуді, ойымызды оқушыларға жеткізу үшін негізгі материалды терең түсініп, олардың алдына жан-жақты дайындықпен баруды, сонымен қатар, оқушылардың бойына әдеп, әдет-дағды сияқты жақсы қасиеттерді сіңіру үшін моральдық нормаларды білуді қамиды. Үшіншіден- оқу мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін міндетті түрде меңгері ләзім. Педагог көп біліп қоймай, сол білгендерін оқушыларға бере білуі, яғни белгілі бір сынып оқушыларының жас мөлшері мен шама шарықтарын ескертіп, сабақтың қызықта түсінікті әрі жеңіл өту жағын ойластыруы қажет.

Педагогтық шеберлік-тек қана мұғалімнің жалпы жан-жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол әр сөзді оқушыларға жеткізе білу, олардың толық қабыл алуы, толғанып бойға сіңіруі.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі Ә.Б.Жақсылықова:


Педагогикалық әдеп – педагог әрбір нақты жағдайда балаларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке балалар жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады.

Педагогикалық әдеп жағымды жақтан ғана қаралады. “Педагогикалық әдебі нашар” қайырымдылығы нашар, сыпайылығы нашар, балаларға деген сүйіспеншілігі нашар, т.б. деумен бірдей. Ал педагогикалық тактиканың тым күрделі – аса жақсыдан жаманға дейін, мейлінше жетілгендіктен қарадүрсінділікке тұқыртылған мәні болуы мүмкін. Әрбір педагог балалармен қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы әрқашанда қолдана береді, бірақ онда педагогикалық әдептің болмауы да ықтимал. Былайша айтқанда педагогтердің бірсыпырасының балаларды бағындыруға, олардың қарсылығын тойтаруға бағытталған үркітулері, жазалаулары, ақылгөйлігі, дауыс көтеруі, т.б. жақсы болмаса да әрине өзіндік тактикасы, бірақ ол әсте де педагогикалық әдеп бола алмайды. Педагог балаларына ықыласты қарап, оларды қадірлеп, кеңпейілді, сәк, әдепті болғанымен олармен қоян-қолтық араласа алмайтын жағдай болады. Оның ұйымдастырылған оқу-ызметтерінде тәртіпсіздік үстемдік етеді, балалар тапсырмаларды орындамайды, айтқан ақылды тыңдамайды, шынтуайтқа келгенде оны сыйламайды. Мұндай педагогті әдептілігі жоқ деп кінәлауға болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық амал тәсілдері қоры аз, ұйымдастыру мен жүйелілік мүлде жоқ. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда педагогтің мінез ерекшелігі ретіндегі әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика таңдай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

Кенес шешімі:

- 1/ Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалык нормаларды сактау назарга алынсын.
- 2/ Мұғалімнің педагогикалык әдебін сактауда мұғалімнің құқықтык сауаттылығын артыру үшін, құқықтык сауаттылык күні өткізілсін.
- 3/ Жас ұстаздар арасында педагогикалык әдеп және сөйлеу мәдениетін артыру үшін іс-шаралар өткізілсін.

Кенес төрайымы:



М.Ж.Асанова:

Хатшы:



Г.А.Анишова